

Қыркүйек айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сурет салу.	<p>Қарындаштармен сурет салу кезінде саусақтарды қатты баспау, қарындашты көлбеу ұстаңыз, жіңішке сызықты біркелкі, жеңіл қозғалыспен, бір бағытта – алға және артқа жүргізу, контурдан шықпау.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p>
Мүсіндеу.	<p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу</p>
Қазан	
Сурет салу.	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады); тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).</p>
Мүсіндеу.	<p>Қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу; Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу; пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.</p>
Қараша	
Сурет салу	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру; негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу; түстерді өз қалауы бойынша таңдау</p>
Мүсіндеу	<p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу; заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу; бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу;</p>
Желтоқсан	
Сурет салу.	<p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу); қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу; бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру; өз жұмысының нәтижелерін бағалау;</p>

Мүсіндеу	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау); Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану;
Қаңтар	
Сурет салу	Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану; жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде); қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу; ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру;
Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеу кезінде үзңп алу, қысу, тарту, басу, созу, домалату әдістерін қолдану.
Ақпан	
Сурет салу	Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту; түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау;
Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу; композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу;
Наурыз	
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту; өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту; Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу; парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату; тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу;
Мүсіндеу	Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру; жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау;
Сәуір	
Сурет	Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру; Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру; Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау; Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу; бірнеше

	заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу;
Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру; сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу; композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу;
Мамыр	
Сурет	Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу; балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру;
Мүсіндеу	Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру; ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау; жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау;